

(мектеп асханасы)
А.А.А.
Ж.Ж.

Мектеп асханасының жұмысы және оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жайлы

Мектептегі тамақ – жас ұрпақтың денсаулық кепілі. Мектепте балалардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі олардың денсаулығы мен тиімді оқу қабілетін сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Толық және теңдестірілген тамақтану аурулардың алдын алуға, тиімділік пен оқу үлгерімін арттыруға, балалар мен жасөспірімдердің физикалық және психикалық дамуына ықпал етеді, олардың қазіргі өмірге бейімделуіне жағдай жасайды.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2022 жылдың 05-19 желтоқсан аралығында асхананың жұмысына, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етудің ұйымдастырылуына бақылау жасалынды.

Тексеріс барысында анықталды:

- асхана 250 орын арналған;
- Интернатта тұратын оқушыларды күніне алты мезгіл тамақтандыруда (уақытша 2 айға «Самаз» дүкені), ал қала оқушылары буфеттік тамақтануда (ИП «Zhandos»);
- Тамақтану күнделікті бақыланады;
- СанПиН стандарттарына сәйкес екі апталық мәзір, сонымен қатар перспективалы маусымдық мәзір бар;
- Өнімділігі жасына сәйкес келеді, калория мөлшері 2900 ккал-дан 3100 ккал-ға дейін;
- Тамақтану көкөністер мен жемістерді барынша пайдалана отырып, үнемді тамақтану талаптарын ескере отырып ұйымдастырылады;
- Оқушылардың мәзірінде ет, сүт тағамдары жүйелі түрде қамтылады;
- Мектеп оқушылары арасында авитаминоз және жіті респираторлық вирустық инфекциялардың алдын алу үшін рационда С витамині мен лимон қосылған байытылған сусындар қолданылады.

Мектеп асханасының материалдық-техникалық базасы оқушыларды тамақтандырудың заманауи санитарлық-гигиеналық талаптарына сәйкес келеді, мектептегі тамақтандырудың жай-күйіне тұрақты мониторинг және талдау жүргізіледі.

Мектеп бойынша ыстық тамақпен оқушылардың 14,5 %-ы (жатақхана тәрбиеленушілері), буфет өнімімен 86%-ы қамтылған. Мектеп асханасы ыдыспен, қажетті құрылғылармен жабдықталған. Мектепте сонымен қатар оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге байланысты құжаттар : мектеп әкімшілігінің асханада кезекшілік ету кестесі, тамақтануды ұйымдастыру жоспары, мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы бұйрық пен бракеражды комиссия құрамы бекітілген. Мектеп директоры бекіткен тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімі, СЭҚ бекіткен ас мәзірі және бракеражды комиссия журналы бар. Асханада ауыз су қойылып, қол жууға жағдай жасалған. Мектеп медбикесі оқушылардың денсаулық жағдайы мен дұрыс тамақтануын қадағалап отырады.

Ұсыныс:

1. Сынып жетекшілер: санитарлық нормаларды сақтай отырып, оқушылардың уақытылы тамақтануын бақылау;
2. "Дұрыс тамақтану" айлығын өткізу

Раимбекова Д.Ж., Адилбекова А.А.